КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 26 желтоқсан №7119-24-00-2/15346 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев,
хатшылықта А. К. Кангужинаның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Шошаева Ж.М.» Шошаева Жанат Мекетаевна (бұдан әрі - жеке кәсіпкер «Шошаева Ж.М.»)
«КарЗТФ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі – К.Б. Мухамеджанов
Жауапкердің өкілі С.Л. Дорогова
Аудармашы Г. Нурланова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

01.07.2024 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Шошаева Ж.М.» ЖК арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-06-21 № 12572450-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/1015 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/1015 Тауар - клапан (электромагниттік клапан), сомасы 414 000 теңге 3 дана. Жеткізу мерзімі -

Документ подписан: Бакишев А. Б., 26.12.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бакишев А. Б., 18.03.2025
7119-24-3-1/14889

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. Өтінім 07.10.2024 ж. веб-портал арқылы жіберілді (22.10.2024 ж. дейін) Тауар жеткізілмеген. Шарт 08.11.2024 жылы бұзылды.

09.10.2024 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК мен «Глобал Поставка» ЖШС арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-09-25 № 13065159-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/1468 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/1468 Тауар - қоректендіру блогы (деңгей датчигінің қоректендіру блогы), жалпы сомасы 406 389 теңгеге 2 дана. Жеткізу мерзімі - қол қойылған сәттен бастап 20 күнтізбелік күн. Өнім беруші екінші жеңімпаз болып табылады және шарт бойынша 3% қамтамасыз етуді енгізген жоқ. Тауар жеткізілмеген. Шарт 29.10.2024 жылы бұзылды.

16.09.2024 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК мен «КарЗТФ» ЖШС арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Аукцион (2022)» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-09-02 № 12864326-1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/1357 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/1357 Тауар - бөлу (полиэтиленнен, диаметрі 800 мм), жалпы сомасы 4 680 480 теңгеге 6 дана. Жеткізу мерзімі - тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. Өтінім 08.10.2024 жылғы веб-портал арқылы жіберілді (23.10.2024 жылға дейін) Тауар жеткізілмеген. Шарт 11.11.2024 жылы бұзылды.

Талап қоюшы талап арызында, жауапкерлер шарт міндеттерін орындамады деп көрсетті.

Жаупкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер КарЗТФ» ЖШС-ның өкілі талап қою арызбен келіспей, қарсылығын жазба пікірінде көрсетті.

Қалған жаупкерлер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, бірақ, сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот АПК-нің 196 -бабының 4 - тармақшасын басшылыққа ала отырып, істі үшінші тұлғаның келмей қалу себептерін негізсіз деп санап, қатысуынсыз қарауды шешті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік

Документ подписан: Бакишев А. Б., 26.12.2024

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бакишев А. Б., 18.03.2025

7119-24-3-1/14889

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, бүгінгі таңда дейін жаупкерлер шарттың талаптарын орындамаған.

Аталған істі қарау барысында жауапкерлер жоғарыда көрсетілген шарттырдың орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

КарЗТФ» ЖШС-ның өкілінің қарсы пікірінде көрсетілген өнімнің нақты өлшемдерімен сызбаны тапсырыс берушімен келісу рәсіміне бастамашылық жасалды деген дәлелің, сот қабылдамайды, себебі шарттың талаптарында өнімнің өлшемдерімен сызбаны тапсырыс берушімен келісу жөнінде көрсетілмеген.

01.07.2024 жылғы № 6/1015 шарттың 4.2 бабына сәйкес, осы шарт шеңберінде жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексының 2 бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Шошаева Ж.М.» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 26.12.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бакишев А. Б., 18.03.2025
7119-24-3-1/14889

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Шошаева Ж.М.» мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«КарЗТФ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«КарЗТФ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.Б.Бакишев**

Документ подписан: Бакишев А. Б., 26.12.2024

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бакишев А. Б., 18.03.2025

7119-24-3-1/14889

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Бакишев А. Б., 26.12.2024

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Бакишев А. Б., 18.03.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-24-3-1/14889